

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 160 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 129 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне министрдің 3 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ құрамы 13 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі N 434 қаулысы ;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 қазандағы N 1293 қаулысының 2-тармағы.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң*

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Ү к і м е т і н і ң
1996 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1640 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда
министрлігі орталық аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ**

Б а с ш ы л ы қ

Өнеркәсіп саясаты және өнеркәсіп өндірісінің құрылымын модернизациялау

б а с

б а с қ а р м а с ы

Өндірістік-техникалық ынтымақтастық және сауда саясаты бас басқармасы

Тау-кен металлургия кешенін реформалау және дамыту бас басқармасы

Машина жасау халықтық тұтыну тауарлары өндірісі мен жұмылдыру
даярлығын реформалау және дамыту бас басқармасы

Химия өндірісін реформалау және дамыту басқармасы

Нарықтық қатынастар мен өнеркәсіптегі мониторингті дамыту басқармасы

Кадр және аппарат жұмысын ұйымдастыру басқармасы

экспортты бақылау бөлімі

шарттық - құқықтық бөлім

Бухгалтерлік есеп және қаржылық қамтамасыз ету бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК